“Бекітемін”
« № 34 сәбилер бақшасы» МҚКК басшысы
_____ З.В.Пустовая
20 19 ж. “ 12 ” декабрь

"Қамқоршылық кеңес туралы ереже"» жобасы

1.Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына, 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 "білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына және оны сайлау тәртібіне", 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 "мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына", балабақша Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Қамқоршылық кеңес өз мүшелерінің еріктілігі мен тең құқылығы, өзін-өзі қаржыландыру негізінде әрекет етеді.

1.3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық құқықтық нормаларды, 2017 жылғы 27шілдедегі № 355 "Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін" басшылыққа алады.

1.4. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

1.5.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өзөкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2.Қамқоршылық кеңесін сайлау тәртібі және құрамы

2.1. Қамқоршылық кеңестің құрамын тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган бекітеді және қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттардың жазбаша келісімі мен алынған ұсыныстар негізінде қалыптастырылады.

2.2.Қамқоршылық кеңесінің құрамына:

1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса));
4) ата-аналар комитеті ұсынған жас топтарының әрбір параллелінен осы білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
5) қайырымдылар (бар болса).

2.3 Қамқоршылық кеңес құрылатын білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары оның отырыстарына қатысады.

2.4 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және 9 адамнан кем болмайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

2.5. Қамқоршылық кеңестің басшысы Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен сайланатын (қайта сайланатын) төраға болып табылады.